

## Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мэртебесі туралы" Конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының заңы 1997 жылғы 1 шілдедегі N 143.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мэртебесі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2694 U952694\_ Конституциялық заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 47-күжат; 1997 жылғы 15 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Азаматтарды жекелеген санаттарына женілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы Парламенті және оның депутаттарының мэртебесі туралы" және "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мэртебесі туралы" Конституциялық заң күші бар Жарлықтарына толықтырулар енгізу жөніндегі" 1997 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы; 1997 жылғы 19 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан

Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мэртебесі туралы" Конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" 1997 жылғы 17 маусымдағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2-баптың 4-тармағы алып тасталсын.

2. 3-бапта:

1) тармақша алып тасталсын;

2)-7) тармақшалар 1)-6) тармақшалар болып есептелсін.

3. 7-бапта:

1-тармақтағы "Соттардың шешімдері, үкімдері мен қаулылары көпшілік алдында жария етіледі" деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Соттардың шешімдері, үкімдері мен қаулылары көпшілік алдында жария етіледі".

4. 8-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жоғары тұрған соттардың іс қарауы іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.".

5. 10-бапта:

1-тармақ "құрады" деген сөзден кейін "және таратады" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Аудандық (қалалық) соттардың сот участекерін әділет басқармасының бастығы мен облыстық және оған теңестірілген сот төрағасының бірлескен ұсынысы бойынша Әділет министрі құрады және таратады.".

6. 11-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Оның құрамында сот участекі құрылған жағдайда аудандық (қалалық) сот соттың төрағасынан, сот участекінің аға судьясынан және тұрақты судьялардан тұрады.".

7. 12-баптың 2-тармағы алып тасталсын.

8. 13-бапта:

баптың атавы "сот участекінің аға судьясы" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Сот участекінің аға судьясы судья болып табылады және осы баптың 2-тармағының 4), 5), 7) және 8) тармақшаларында, сондай-ақ 6) тармақшасында (сот аппаратының қызметкерлерін қызметке тағайындау және қызметтен босату бөлігінде) аталған өкілеттікті қоспағанда, аудандық (қалалық) соттардың құқықтарына ие болады.

"

9. 14-бапта:

баптың атавы "төрағасының" деген сөзден кейін "сот участекінің аға судьясының" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта:

"(қалалық) соттың төрағасы" деген сөздерден кейін "сот участекінің аға судьясы" деген сөздермен толықтырылсын; "оның" деген сөз "олардың" деген сөзben ауыстырылсын.

10. 15-баптың 1-тармағы "құрады" деген сөзден кейін "және таратады" деген сөздермен толықтырылсын.

11. 16-бапта:

1-тармақта:

"төрағадан" деген сөзден кейін "алқалардың" деген сөз "сот алқаларының" деген сөздермен толықтырылсын;

"өзге де" деген сөз алып тасталсын;

2-тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларындағы "алқа" деген сөз "сот алқасы" деген сөздермен ауыстырылсын.

12. 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап.

Облыстық және оған теңестірілген соттың төралқасы

Облыстық және оған теңестірілген соттың төралқасы соттың төрағасынан және жыл сайын облыстық соттың құрамы сот мүшелерінің жалпы санына жасырып дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен сайлайтын төрт тұрақты судьядан тұрады".

13. 19-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) істі өз құзыретінің шегінде қадағалау тәртібімен және іс жүргізу зандарында белгіленген тәртіппен жақадан ашылған мән-жайлар бойынша қарайды";

2) тармақшадағы "алқалар" деген сөз "сот алқалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "қызметі мен" деген сөздер алып тасталсын.

14. 21-бапта:

баптың атавы мен 1-тармақтағы "алқалары" деген сөз "сот алқалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ "алқаларының" деген сөздің алдынан "сот" деген сөзben толықтырылсын;

3-тармақ "бір алқаның" және "Басқа алқаның" деген сөздер "бір

сот алқасының" және "басқа сот алқасының" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. 22-бапта:

2-тармақта:

2) тармақша "отырыстарында" деген сөздің алдынан "сот" деген сөзben толықтырылсын;

5) тармақша "төрағаларының" деген сөздің алдынан "сот" деген сөзben толықтырылсын;

6) тармақшада "қызметіне" деген сөздің алдынан "сот" деген сөзben толықтырылсын;

7) тармақшада "алқа төрағасы" деген сөздер "сот алқасы төрағасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

"13) белгіленген тәртіппен өздігінен сот алқаларының төрағалары және облыстық немесе оған теңестірілген соттың судьялары жөнінде немесе әділет басқармасының бастығымен бірлесе отырып, аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың төрағалары мен судьялары, сот участеклерінің аға судьялары жөнінде оларға біліктілік сыйыптарын беру және олардан айыру туралы ұсыныс енгізеді";

13) тармақша 14) тармақша болып есептелсін;

3-тармақ "алқа төрағаларының" деген сөздердің орнына "сот алқасы төрағаларының" деп жазылсын.

16. 23-бапта:

баптың атауындағы, 1-тармақтағы және 2-тармақтың бірінші абзацындағы "сот алқасының" деген сөздер "сottардың сот алқасының" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтың 5) тармақшасы "алқаның" деген сөзден кейін "сот алқасының" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта "Алқа төрағасы" деген сөздер "Сот алқасының төрағасы" деген сөздермен ауыстырылсын.

17. 24-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Әскери соттарды Әділет министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады және таратады.".

18. 25-баптың 1-тармағы "төрағасы мен" деген сөздерден кейін "тұрақты" деген сөзбен толықтырылсын.

19. 27-бапта:

1-тармақта "алқалар төрағаларынан және" деген сөздер "сот

алқаларының төрағаларынан және тұрақты" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 2) және 3) тармақшаларында "алқа" деген сөз "сот

алқасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақта "және оған теңестірілген сот" деген сөздер алып тасталсын.

20. 28-бапта:

1-тармақ "занда көзделген іс жүргізу нысандарында олардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

2) тармақшада "барлық" деген сөз алып тасталсын;

3) тармақтағы "сottарға" деген сөз алып тасталсын;

21. 29-бапта:

2-тармақта:

"алқалардың" деген сөз "сот алқаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"өзге де" деген сөз алып тасталсын;

3-тармақта:

3), 4) және 5) тармақшаларда "алқа" деген сөз "сот алқасы" деген

сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақша "әскери" деген сөздің алдынан "сот" деген сөзбен толықтырылсын.

22. 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"30-бап. Жоғарғы Соттың Пленумы

Жоғарғы Соттың Пленумы Төрағаның, сот алқалары төрағаларының, Жоғарғы Сот судьяларының құрамында жұмыс істейді".

23. 31-бапта:

1) тармақшада "соттарға" деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын;

"5) Жоғарғы Соттың тәртіптік алқасының мүшелерін сайлайды;

6) Жоғарғы Сот төралқасының мүшелерін сайлайды;";

5) тармақша 7) болып есептелсін.

24. 33-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жоғарғы Сотың Төралқасы Жоғарғы Соттың Төрағасынан, жыл сайын пленумда пленум мүшелерінің жалпы санынан жасырын дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен сайланатын сегіз тұрақты судьядан тұрады".

25. 34-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) істерді қадағалау тәртібімен және іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіппен жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қарайды";

3) тармақшада "алқалар" деген сөз "сот алқалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

26. 35-бапта:

баптың атауындағы, 1 және 2-тармақтардағы "алқалары" деген сөздер "сот алқалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта "Істерді қадағалау ретімен қарau Жоғарғы Сот

Төрағасының және Бас Прокурордың наразылықтары бойынша жүргізіледі" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақта "алқалардың" деген сөз "сот алқаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ алып тасталсын.

27. 36-бапта:

2-тармақта;

3) тармақшада "1)" деген сан алып тасталсын;

4) тармақшада "алқалардың" деген сөз "сот алқаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшада "алқаларда сот құрамдарын құрады" деген сөздер "қажет болған жағдайларда бір сот алқасының судьяларын басқа алқаның құрамында іс қарау үшін тартуға құқылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 13) және 14) тармақшалармен толықтырылсын:

"13) белгіленген тәртіппен Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьяларына жоғары біліктілік сыныбын беру, одан айыру туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс енгізеді, сондай-ақ зандарға сәйкес дербес немесе Әділет министрімен бірлесе отырып, судьяларға біліктілік сыныптарын беру және олардан айыру мәселелерін шешеді;

14) Жоғарғы Сот аппаратының құрылымы мен штаттарын оны ұстауға бөлінген қаражат шегінде бекітеді;";

13) тармақша 15) тармақша болып есептелсін;

3-тармақта "алқа" деген сөз "сот алқасы" деген сөздермен ауыстырылсын.

28. 37-бапта:

баптың атауындағы және 1-тармақтағы "алқасының", "алқаның" деген сөздер "сот алқасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

бірінші абзацта "Сот алқасының" деген сөздер "Соттың сот алқасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша алып тасталсын;

2) тармақшада "сот тексеруін" деген сөздер "сот практикасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшада "алқаның" деген сөздер "сот алқасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшада "алқаның" және "алқасына" деген сөздер "сот

алқасының" және "сот алқасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) және 8) тармақшаларда "алқаның" деген сөздер "сот алқасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) - 11) тармақшалар тиісінше 1) - 10) тармақшалар болып есептелсін;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сот алқасының төрағасы уақытша болмаған жағдайда оның міндеттерін атқаруды Жоғарғы Соттың Төрағасы басқа сот алқалары төрағаларының біреуіне немесе Жоғарғы Соттың судьяларына жүктейді".

29. 38-бапта:

2-тармақ алып тасталсын;

3 және 4-тармақтар тиісінше 2 және 3-тармақтар болып есептелсін.

30. 40-баптың 1-тармағының 4) тармақшасында "тәртібімен" деген сөздің алдынан "сайлау" деген сөзben толықтырылсын.

31. 41-баптың 3-тармағында "өз өтініші бойынша ішкі істер органы беретін" деген сөздер алып тасталсын;

32. 42-баптың 3-тармағында:

"60 жас" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Конституциясы

мен зандарына сәйкес белгіленеді" деген сөздермен ауыстырылсын; "Сот алқаларының" деген сөздер "Соттың сот алқаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

33. 44-бапта:

1-тармақта "Соты алқаларының" деген сөздер "Соттың сот алқаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "сottар алқаларының" деген сөздер "сottардың сот алқаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта "төрағалары" деген сөзден кейін "сот участеклерінің аға судьялары" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Жоғарғы Соттың Төрағасы, осы соттың сот алқаларының төрағалары сол соттың мүшелері арасынан қызметке бес жыл мерзімге сайланады.

Облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары, осы соттардың сот алқаларының төрағалары, аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың төрағалары қызметке бес жыл мерзімге тағайындалады".

34. 45-бапта:

1-тармақ "сайланған" деген сөзден кейін "немесе тағайындалған" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жоғарғы Соттың Төрағасы, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьялары Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының мәжілісінде ант береді.

Облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары Жоғарғы Соттың пленумында ант қабылдайды. Қалған судьялар судьялардың тиісті конференцияларында ант береді".

35. 46-бапта:

1-тармақтың 1-тармақшасы "не қылмыс жасаған жерінде ұсталуына байланысты оны қамауға алу немесе ауыр қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапқа тарту жағдайында" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

"Судьялардың" деген сөздің алдынан "Жоғарғы Соттың Төрағасына

қатысты - Республика Президенті" деген сөздермен толықтырылсын; "Жоғарғы сот алқаларының" деген сөздер "Жоғарғы соттың сот алқаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

36. 47-бапта:

1-тармақта:

2) тармақшада "судьялауазымын атқарудың шекті жасына жетуіне немесе қайтыс болуына байланысты" деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) судья осы Жарлықтың 42-бабының 1-тармағында көзделген талаптарды орындаған кезде";

4) - 6) тармақшалар тиісінше 5) - 7) тармақшалар болып есептелсін; мынадай мазмұндағы 8), 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) судьяларды басқа қызметке тағайындаған, сайлаған және мемлекеттік органдардағы басқа қызметке ауыстырған жағдайда;

9) судья қызметінде болудың шекті жасына жетуіне байланысты;

10) қайтыс болған жағдайда.";

2-тармақта:

1) тармақшада:

"шешімімен" деген сөз "қаулысымен" деген сөзben ауыстырылсын;

"алқаларының" деген сөз "сот алқаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада "сottар алқаларының" деген сөздер "сottардың сот алқаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

37. 48-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"48-бап. Судьяларды ауыстыру

Облыстық және оларға теңестірілген соттардың судьялары, аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың төрағалары мен судьялары, сот участеклерінің аға судьялары олардың келісімімен тиісінше облыстық және оларға теңестірілген соттар төрағаларының, әділет басқармалары бастықтарының ұсынуы бойынша Әділет министрінің шешімімен сол деңгейде ауыстырылуы мүмкін.".

38. 49-бапта:

3-тармақта "сондай-ақ аудандық (қалалық)... сот төрағасы және судьясы ұсынған лауазымына" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың төрағалары, сондай-ақ сот участеклерінің аға судьялары қызметіне ұсынылатын адамдарға материалдарды

ресімдеуді және бұл материалдары Әділет біліктілік алқасына ұсынуды Әділет министрі жүзеге асырады.";

4 және 5-тармақтар тиісінше 5 және 6-тармақтар болып есептелсін;

5-тармақта:

"сottар алқаларының" деген сөздер "сottардың сот алқаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Облыстық және оған теңестірілген соттың төрағасы, осы соттардың сот алқаларының төрағасы қызметіне кемінде екі балама кандидат ұсынылады.";

6-тармақта "алқаларының" деген сөз "сот алқаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

39. 50-бапта:

1-тармақта:

2) тармақшадағы "алқаларының" деген сөз "сот алқаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "сот алқаларының", "осы соттар алқаларының" деген сөз "Соттың сот алқаларының", "осы соттардың сот алқаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Жоғарғы Соттың тәртіптік алқасының шешіміне жасалған шағымдарды қарайды ;

4) Жоғарғы Сот Төрағасының, осы соттың сот алқаларының төрағалары мен судьяларының, облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағаларының, осы соттардың сот алқалары төрағалары мен судьяларының орнынан түсуі және орнына түсуін тоқтату туралы мәселелерді қарайды;" ;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) сот-құқықтық реформаларды жүзеге асыру жөніндегі мәселелерді қарайды.";

4-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жоғарғы Сот Кеңесі өз мүшелерінің қатарынан Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Жоғарғы Сот Кеңесінің хатшысын сайлайды.

Қазақстан Республикасының Президенті болмаған жағдайда оның тапсыруымен Жоғарғы Сот Кеңесінің отырысында Жоғарғы Сот Кеңесі мүшелерінің бірі төрағалық етеді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жоғарғы Сот Кеңесінің мүшелері мен шақырылған адамдар отырыстың өткізілетін уақыты, орны мен күн тәртібі отырыс басталардан кемінде үш күн бұрын хабардар етіледі.";

7-тармақ алып тасталсын;

8, 9-тармақтар тиісінше 7, 8-тармақтар болып есептеліп, мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жоғарғы Сот Кеңесі қаралатын мәселелер бойынша дауыс беру жолымен оның мүшелерінің жалпы санының көшілік даусымен қорытындылар және /немесе/ ұсыныстар қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда отырыста төрағалық етушінің даусы шешуші дауыс болады. Қорытындыға

және (немесе) ұсынысқа Жоғарғы Сот Кеңесінің дауыс беруге қатысқан барлық мүшелері қол қояды.

8. Жоғарғы Сот Кеңесі өз отырысында қаралған мәселелер бойынша қорытындыларды және (немесе) ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Президентіне енгізеді, Мемлекет басшысы солардың негізінде тиісті шешім қабылдайды.";

10-тармақ 9-тармақ болып есептелсін.

40. 51-бапта:

2-тармақта:

1) тармақшада "сондай-ақ аудандық (қалалық) соттың төрағалары мен судьялары қызметіне" деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 2) тармақшамен толықтырылсын:

"2) аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың төрағалары мен судьяларының, сот участкерлері аға судьяларының қызметіне ұсыныстар жасайды";

3) тармақша алып тасталсын;

2) тармақша 3) тармақша болып есептелсін;

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың төрағалары мен судьяларын, сот участкерлерінің аға судьяларының орнынан түсіуі және орнына түсіуін тоқтату туралы мәселелерді қарап, ұсынымдар жасайды, Әділет министрі солардың негізінде тиісті шешім қабылдайды;

5) нотариаттық және адвокаттық қызметпен айналысуға тілек білдірген адамдардың өтініштері бойынша біліктілік емтихандарын қабылдап, ұсынымдар жасайды, Әділет министрлігі солардың негізінде тиісінше лицензиялар береді.";

8-тармақ алып тасталсын;

9-11-тармақтар тиісінше 8-10-тармақтар болып есептелсін;

8-тармақта "шешім және ұсыным" және "алқа төрағасының" деген сөздер "шешімдер және (немесе) ұсынымдар" және "алқа отырысында төрағалық етушінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

9-тармақ "әділет біліктілік алқасы" деген сөздерден кейін "осы баптың 2-тармағының 5) тармақшасында аталғандарын қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын.

41. 52-бапта:

1-тармақта:

1 тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Сот шешімінің күшін жою немесе оны өзгерту, егер судья бұл ретте заңын өрекел бұзылуына жол бермеген болса, бұл шешімді шығарған немесе шығаруға қатысқан судьяның жауапты болуына әкеп соқпайды";

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) істі қараудың занда белгіленген іс жүргізу мерзімдерін өрекел бұзғаны үшін;";  
мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) еңбек тәртібін бұзғаны үшін тәртіптік жауапқа тартылады;";

2-тармақта "алқалардың тәрағалары" деген сөздер "сот алқаларының тәрағалары" деген сөздермен ауыстырылып, одан кейін "және сот участеклерінің аға судьялары" деген сөздермен толықтырылсын.

42. 53-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"53-бап. Тәртіптік іс қозғау құқығы

Тәртіптік іс қозғауға:

1) Әділет министрінің - облыстық және оларға теңестірілген соттардың тәрағаларына, осы соттардың сот алқаларының тәрағалары мен судьяларына, аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың тәрағалары мен судьяларына, сондай-ақ сот участеклерінің аға судьяларына қатысты осы Жарғының 52-бабы 1-тармағының 2), 3 ) және 4) тармақшаларында және 2-тармағында көзделген негіздер бойынша; әділет басқармасы бастығының аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың тәрағалары мен судьяларына, сот участеклерінің аға судьяларына қатысты дәл сол негіздер бойынша;

2) Жоғарғы Сот Тәрағасының - Жоғарғы Соттың сот алқаларының тәрағалары мен судьяларына қатысты осы Жарлықтың 1-тармағында, ал сот алқалары тәрағаларына қатысты - сол сияқты 52-бабының 2-тармағында көзделген негіздер бойынша; облыстық және оларға теңестірілген соттар тәрағаларына, осы соттардың сот алқаларының тәрағалары мен судьяларына, аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың тәрағалары мен судьяларына, сот участеклерінің аға судьяларына қатысты осы Жарлықтың 52-бабының 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша;

3) облыстық және оған теңестірілген сот тәрағасының - осы соттардың сот алқаларының тәрағалары мен судьяларына қатысты осы Жарлықтың 52-бабының 1-тармағында, ал сот алқаларының тәрағаларына қатысты сол сияқты 2-тармағында көзделген негіздер бойынша; аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың

төрағалары мен судьяларына, сот участкелерінің аға судьяларына қатысты осы Жарлықтың 52-бабы 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша құқығы бар.".

43. 55-бапта:

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жоғарғы Сот Кеңесі Жоғарғы Соттың тәртіптік алқасының шешімдеріне жасалған арыздарды қарайды.

2. Жоғарғы Сот Кеңесінің тәртіптік алқасы Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьяларына, облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағаларына, осы соттардың сот алқаларының төрағаларына қатысты тәртіптік істерді, сондай-ақ облыстық және оларға теңестірілген тәртіптік алқалардың шешімдеріне шағымдарды қарайды.

Жоғарғы Соттың тәртіптік алқасы Жоғарғы Соттың пленумында екі жыл

мерзімге сайланады.

3. Облыстық және оларға теңестірілген тәртіптік алқалар облыстық және оларға теңестірілген соттардың судьяларына, сондай-ақ аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың төрағалары мен судьяларына, сот участкелерінің аға судьяларына қатысты тәртіптік істерді қарайды.",

5-тармақтағы "Әділет министрі мен Жоғарғы Сот Төрағасы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Президенті" деген сөздермен ауыстырылсын.

44. 57-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Тәртіптік жазаны оны белгілеген тәртіптік алқа мерзімінен бұрын алып тастауы мүмкін.".

45. 58-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"58-бап. Тәртіптік алқаның шешімдеріне шағымдану

1. Облыстың және оған теңестірілген тәртіптік алқаның шешіміне өзі жөнінде шешім шығарылған судья, сондай-ақ іс қозғаған адам он күн мерзімде Жоғарғы Соттың тәртіптік алқасына шағымдануы мүмкін.

2. Жоғарғы Сот тәртіптік алқасының шешіміне өзі жөнінде шешім

шығарылған судья, сондай-ақ іс қозғаған адам он күн мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесіне шағымдана алады.".

46. 59-бапта:

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасы соттардың судьяларына біліктілік сыныптары беріледі.

Судьяларға біліктілік сыныптарын беру және олардан айыру мәселелері Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Ережемен белгіленеді.

5. Қазақстан Республикасының әскери соттары мен әскери сот алқасының судьяларына Әскери қызмет өткеру туралы ереже қолданылады және олар зандармен белгіленген үlestің барлық түрімен қамтамасыз етіледі".

47. 68-бапта:

бірінші абзац 1-тармақ болып есептелсін;

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Судьяларға медициналық қызмет көрсету мен санаторий-курорттық емдеудің тәртібі мен ережелері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді".

48. 69-бапта:

баптың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Судьяларды сақтандыру";

1-тармақта "жеке" деген сөзден кейін "мұліктік" деген сөзben толықтырылсын.

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Судьяларды және олардың мүлкін міндепті сақтандырудың тәртібі мен ережелері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді".

49. 71-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Судьяның орнынан түсуі мынадай жағдайларда:

судя қызметіне тағайындалғанда;

ол қылмыс немесе сот билігінің беделін түсіретін келеңсіз әрекет жасағанда;

өз еркімен өтініш бергенде;

Қазақстан Республикасының азаматтығынан айрылғанда;

ол қайтыс болғанда тоқтатылады".

50. 74-бапта:

1-тармақ "(қалалық) деген сөзден кейін "және оған теңестірілген" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жоғарғы Сот аппаратының құрылымы мен штаттарын оны ұстауға бөлінген қаражат шегінде Жоғарғы Соттың Төрағасы бекітеді".

51. 75-бапта:

1-тармақ және 3-тармақтың 1) тармақшасы "(қалалық)" деген сөздерден кейін "және оған теңестірілген" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақ 2-тармақ болып есептелсін;

2-тармақтың 8) тармақшасында "жұмысқа басшылық жасайды" деген сөздер "жұмысты үйымдастырады" деген сөздермен ауыстырылсын.

52. 76-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"76-бап. Сот отырысының хатшысы

1. Азаматтық, шаруашылық және қылмыстық істерді бірінші инстанция бойынша қараған кезде сот отырысының хатшысы сот отырысының хаттамасын жүргізеді және төрағалық етушінің ұйғаруы бойынша басқа да тапсырмаларды орындайды.

2. Жоғарғы Соттың сот отырысының хатшыларын Жоғарғы Соттың Төрағасы, ал жергілікті соттарда - әділет басқармалары қызметке тағайындейды және қызметтен босатады.

3. Аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың сот

ottyрыстары хатшыларының сан құрамы осы соттар судьяларының сан құрамына сәйкес болуға тиіс".

53. 77-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сот орындаушылары Жоғарғы Соттан басқа барлық соттар жанында болады.

Сот орындаушыларын қызметке тағайындау мен қызметтен босатуды әділет басқармасы жүзеге асырады.

Сот орындаушылары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін үлгі, нормалар мен тәртіп бойынша арнаулы киіммен тегін қамтамасыз етіледі, оларға қоғамдық көліктің барлық түрлерінде - таксиден басқа, қалалық, қала маңындағы және жергілікті қатынас көліктерінде тегін жүрге рұқсат беріледі.

Сот орындаушыларының сан құрамы судьялардың сан құрамына сәйкес болуға тиіс".

54. 78-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сот жасауылдары барлық соттар жанында болады.

Жоғарғы Соттың сот жасауылдарын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Әділет министрлігі, жергілікті соттарда - әділет басқармалары қызметке тағайындейды және қызметтен босатады.".

2-тармақтың 5) тармақшасында "соттардың" деген сөзден кейін "қауіпсіз" деген сөздермен толықтырылсын.

55. 80-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:  
"3. Жоғарғы Соттың Төрағасына, осы соттың сот алқаларының

төрағалары мен судьяларына Қазақстан Республикасының Президенті белгіленген үлгідегі куәліктер береді.

Облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағаларына, осы соттардың сот алқаларының төрағалары мен судьяларына, аудандық (қалалық) және оларға теңестірілген соттардың төрағалары мен судьяларына, сот участкерінің аға судьяларына Әділет министрі белгіленген үлгідегі куәліктер береді.".

56. 82-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"82-бап. Баспасөз органдарына

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Әділет министрлігінің өз баспасөз органдары болады".

57. 83-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. 44-баптың 4-тармағының күші тиісті қызметтерге 1996 жылғы 1 қаңтардан кейін сайланған және тағайындалған адамдарға қолданылады.".

58. 84-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Судьяларды аттестаттау туралы ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді";

4-тармақта:

2) тармақшада "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

4) тармақша "ережені" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының тәртіптік алқасы, облыстық және оларға теңестірілген тәртіптік алқалар туралы ережені" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті